2016 жылы ҚР БЖҒМ ККСОН ұсынатын журналдар тізіміне Абай атындағы «Хабаршы/Вестник КазНПУ имени Абая» журналының **7 сериясы** енді, Қазақстандық деректелу базасына (КазБЦ) – **11 серия енді, соның ішінде, 5 –і** нөльдiк индекске ие.

Ғылыми-жарияланым қызметі 2020 жылға дейінгі Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеттің Даму стратегиясына сәйкес жүргізіледі және халықаралық ғылыми кеңістікте жоғары рейтингтік позицияға қол жеткізуге бағытталған.

Жалпы алғанда университет оқытушылары 2016 жылы **4199 ғылыми жұмысты жариялады, соның ішінде: 76 монография, шет елдік баспада 10 монография шықты; 128 ғылыми мақала Thomson Reuters (14), Scopus (114) импакт-факторлы шет елдік журналдар да басылды.** АҚ НЦГНТЭ сараптамасына сәйкес Абай атындағы ҚазҰПУ Web of Science база деректері бойынша импакт факторлы жарияланым саны бойынша педагогикалық оқу орындары арасында **1-орынды**, ҚР жоғары оқу орындары арасында **15-ші** орында тұр.

Thomson Reuters, Scopus шкаласы бойынша индекстелетін журналдарда жарияланым санының өсу динамикасы төменгі кестеде ұсынылған:

№	Ғылыми цитатталу шкаласы	Жарияланым саны		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл
1	Thomson Reuters	14	24	14
2	Scopus	80	34	114
3	РИНЦ	63	116	248
4	Copernicus	3	5	2
5	Latindex	-	-	2
6	MathNet	-	-	2
7	ASOSINDEX	1	-	-
8	Science Gate	1	-	-
9	GIF	-	-	-
10	Globalimpactfactor	-	24	-
	Барлығы:	162	203	382

Университеттің халықаралық имиджін көтеретін, маңызды фактор бұл **Хирша индексінің 29 оқытушыда болуы.** «Web of science» база деректері бойынша Хирша индексі төмендегідей оқытушыларда бар: академик Бектуров Е.А. – 13, профессор Бердышев А.С. – 5, профессор Кангужин Б.Е. – 4, профессора Алдашев С.А., Купчишин А.И., Есырев О.В., Косов В.Н. – 3; «SCOPUS» база деректері бойынша, Хирша индексі бар оқытушылар:

академик Бектуров Е.А. – 11, профессор Бердышев А.С. – 5, профессор Кангужин Б.Е.– 4, профессора Алдашев С.А., Купчишин А.И., Косов В.Н. – 3.

2016 жылы орта мектепке арналған **229** оқулық пен оқу құралдары, жоғары оқу орындарына арналған **17** оқулық және **153** оқу-әдістемелік құралдар жарық көрді.

Ғылыми зерттеу нәтижелерін ендіру қанағаттанарлық деңгейде жүзеге асуда. 2016 жылы оқу пәндеріне ғылыми немесе әдістемеліктерді қолдану туралы **148** акті жасалған. Оқу үдерісіне 33 монография, 71 оқу құралы, жоғары оқу орнын арналған 2 оқулық, орта мектепке арналған 29 оқулық, 2 электронды оқулық жарық көрді.

Білім алушылардың ғылыми зерттеу жұмысы кадрларды даярлау сапасын жоғарлатудың, сонымен қатар, білім берудің ғылыми-білімдік парадигмасын жүзеге асырудың маңызды құралы болып табылады.

Жаңа форматтағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды тиімді даярлау үшін шет елдік білім мен ғылымды интеграциялау тәжірибесін зерттеу және қолдану кең пайдаланылады.

Университет жыл сайын магистранттар мен докторанттарды жоғары оқу орындары-серіктестіктергерге ғылыми тағылымдамадан өтуге бағыттайды. Мысалы, 2014 жылы шет елдік тағылымдамадан 452 магистрант және 13 докторант өтсе, 2015 жылы – 624 магистрант және 35 докторант, 2016 жылы **595 магистрант және 23 докторант** Испания, Польша, Германия, Австрия, Венгрия, АҚШ, Франция, Литва, Латвия, ҚХР, Оңтүстік Корея, Турция, Чехия, Словения, Индия, Болгария, Ресей, Белоруссия, Украина, Кыргызстан ғылыми орталықтары мен университеттерінде ғылыми тағылымдамадан өтті.

2016 жылы докторанттардың **337** мақаласы, магистранттардың **622** мақаласы шет елдік және отандық журналдарда, халықаралық және республикалық конференцияларда жарияланды, соның ішінде, 56 мақала – Thomson Reuters, Scopus, РИНЦ ақпараттық базасына енетін ғылыми журналдарда басылды. Абай атындағы ҚазҰПУ магистранттары мен докторанттарының ғылыми жарияланымдары туралы мәлімет төмендегі кестеде берілген:

Жарияланымдар	докторанты	магистранты	Всего
Импакт-факторлы журналдарда (TR, Sc, РИНЦ)	44	12	56
ККСОН журналдарында	73	154	227
Басқа да журанларда	81	177	258
Конференция тезистері	139	279	418
барлығы:	337	622	959

Білім алушыларды ғылыми зерттеу жұмыстарға және ғылыми қызметке тарту мақсатында жыл сайын конференция, байқаулар, ғылыми жұмыстар көрмесі өткізіледі. Мысалы, 2016 жылы дәстүрлі жыл сайын өткізілетін студенттер мен магистранттардың **71-ші ғылыми конференциясында** 66 секция жұмыс істеді, оған **1105** студент және **441** магистрант қатысты.

«Білім» бағыты бойынша ҚР БЖҒМ базалық университеті ретінде

университет жыл сайын магистранттар мен студенттердің **Республикалық ғылыми -зертеу жұмыстарының 2-ші** туры өткізеді.

2016 жылы байқау жеңімпаздары Абай атындағы ҚазҰПУ-дың **33 студенті және 55 магистранты болды**, олар 1 – 3 дәрежелі дипломдармен марапатталды.

2016 жылы **16 ғылыми іс - шара ұйымдастырылды**, соның ішінде: халықаралық ғылыми-практикалық конференция – **10**, республикалық ғылыми-практикалық конференция– **3**, республикалық дөңгелек үстел – **3**.

2016 жылғы мағызды халықаралық іс- шаралар:

1. «Үш тілді білім беру жеке тұлғаның полимәдениетін қалыптастырудың негізі ретінде» атты халықаралық-ғылыми практикалық конференция;

2. ҚР Тәуелсіздігінің 25- жылдығына арналған «ҚР педагогикалық білімді модернизациялау жүйесі» атты халықаралық-ғылыми практикалық конференция;

3. Алматы қаласының 1000 жылдығына арналған «Туған елдің тірі аңыздары» атты жас ғалымдар форумы;

4. «Батыр Бауыржан Момышұлының күрес жолы және әскери-тарихи мұрасы» атты дөңгелек үстел (Б. Момышұлының туғанына 105 жыл толуына орай ұйымдастырылған республикалық іс-шара);

5. «Қазақстан халықаралық білім кеңістігінде» атты жас ғалымдардың VIII –ші халықаралық ғылыми конференциясы.

2016 жылы олимпиада және байқаулардың жеңімпаздары **164** білім алушы болды, оның ішінде, **10** – халықаралық, **154** –республикалық олимпиада және байқауларда.

Қазақстан Республикасы Президентінің шәкіртақысын бакалавриаттың 9 студенті, **Назарбаев шәкіртақысын** – 1 магистрант алады.

Диссертациялық кеңестер. Университете Ph.D. философия докторы диссертациясын қорғау жөніндегі 6D010000 – «Білім» (Гуманитарлық ғылымдар), (Жаратылыстану ғылымдары) және (Педагогикалық ғылымдар) бағыттары бойынша үш кеңес жұмыс істейді. 2016 жылы **22** диссертация қорғалды.

8. Халықаралық ынтымақтастық

Абай атындағы ҚазҰПУ-да ғылым және білімге қатысты халықаралық байланыстар сәтті дамуда.

Қазақстанның Болон процесіне кіруі қалыпты (дәстүрлі) білім беру жүйесіндегі білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық білім алмасуын ғана емес, сонымен қатар, білім саласындағы бірлескен жобалардың (қос дипломды білім беру, академиялық курстарды өзара келісіп қабылдау, халықаралық аккредитация т.б.) ғылыми зерттеулердің жүзеге асуына мол мүмкіндік берді.

Әлемнің 36 мемлекетіндегі шетелдік университеттермен бірлескен жұмыстар бойынша **180 келісімшарт, меморандум, келісім** жасалды, оның ішінде **16 келісімшарт ТОП-500** әлемдік университеттердің келісіміндегі Академиялық рейтингтегі университеттермен жасалған. (The Academic Ranking of World Universities, ARWU).

Қазақстанның Болон процесіне кіруіне сай **Батыс және Шығыс Еуропаның 16 мемлекетіндегі** университеттермен жасалған келісімшарттар өз күшін жойған жоқ.

Соңғы 3 жылда Абай атындағы ҚазҰПУ шетелдік әріптестермен 72 келісім бекітті.

2016 жылы маусым айында Ұлыбританияның **Кембридж және Сассекс (University of Sussex) университетімен екі келісімшарт жасалды (University of Cambridge)** бұл Абай атындағы ҚазҰПУ-дың әлем университеттерімен ғылыми білім беру ынтымақтастығына қызығушылығын танытады.

2016 жылы қазан айында Бишкек қаласында Орталық Азияны зерттейтін Франция университетімен (**IFEAC**) ортақ ғылыми жұмыстарды жүргізу туралы келісімшартқа қол қойылды.

2016 жылы желтоқан айында Абай атындағы ҚазҰПУ Франко фонды университеттер **Ассоциациясына енді (AUF)**. Бұл мүшелік әлемдегі франкофонияны тарату және жарнамалауға ықпал ететін ғылыми жобаларды қаржыландыру байқауларына қатысуға мүмкіндік береді. AUF мүшесі ретінде «Сорбонна – Қазақстан» Институты халықаралық грантты жеңіп алды, бұл француз тілін ана тілі ретінде оқыту бойынша 2 сарапшыны шақыруға мүмкіндік береді. (Г.Скрипник, Ж.М.Манжан). Экспертами AUF сарапшылары «Сорбонна – Қазақстан» Институтында француз тілінің оқытылу сапасына талдау жасады, олардың ұсыныстары оқу үдересіне ендіріледі.

Халықаралық білім беру орталықтары. Қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлының ұлылығын, мәдени мұраларын әлем деңгейіне танытуда халықаралық мәдени–білім беру орталықтарын өз бастамасымен ашу – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің халықаралық жұмыстарының бірі.

Абай атындағы ҚазҰПУ бюджет қаражатынан тыс Қытай, Вьетнам, Түркия университеттерінде **4 Абай атындағы халықаралық білім беру орталықтарын** ашты:

- Іле педагогикалық университетіндегі Абай орталығы (ҚХР);
- Ханой ұлттық педагогикалық университетіндегі Абай орталығы (Вьетнам);
- Хошимин педагогикалық университетіндегі Абай атындағы мәдениет және ғылым орталығы (Вьетнам);
- Эрзинджан университетіндегі Абай атындағы қазақ тілі мен мәдениеті орталығы (Турция).

Мәдени-білім беру орталықтарының қызметі – Қазақстан тарихы мен мәдениеті, елтану тәрізді әртүрлі семинарлар өткізу арқылы Абай мұраларын танымал ету.

Абай орталықтары халықаралық білім мен ғылым кеңістігін интеграциялауға, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың шетелдегі саяси имиджін көтеруге қызмет атқарады.

Интернационалды білім беру. 2016/2017 оқу жылында университетте **230** шет елдік студент, оның ішінде **197** – бакалавриатта, **32** адам – магистратурада, **1** адам докторантурада оқыды, шет елдік білім алушылар жалпы білімалушылар контингентінің **4%**-ын құрады.

Мысалы, «Сорбонна – Қазақстан» институтында шет елдік білім алушы 24 адам, соның ішінде: Қытай – 9, Өзбекістан – 7, Иран – 2, Оңтүстік Корея – 2, Түркменістан – 2, Иордания – 1, Украина – 1.

Университет осы категориядағы білімалушыларға барынша оңтайлы әлеуметтік орта құруға талпынуда. Шетелдік студенттер жалпыуниверситетшілік іс-шараларға белсенді қатысады.

9. Тәрбие жұмысы және әлеуметтік-мәдени саясаты

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың тәрбие қызметі, еңбек нарығына төтеп бере алатын, әлеуметтік-жауапкершілік пен белсенділікке бейімделген, жан-жақты тұлғалық дамыған маман даярлау мақсатында бірыңғай орталықтандырылған тәрбие жұмысының жүйесін құрайтын Тұжырымдамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Университеттің білім алушыларға арналған тәрбие жұмысы жоспарына мына мәселелер кіреді:

- ақпараттық-тәрбие жұмысы;
- пән мен тәртіпті нығайту жұмыстары;
- әлеуметтік жұмыстар;
- психологиялық жұмыстар;
- мәдени-бос уақыты жұмыстары.

Есептік жылы өткізілген айырықша маңызды іс-шаралар: «Конституция күні», «Білім күні», «Ұстаздар күні», «Алматы қаласының 1000 жылдығы», «Қазақстан халықтары тілдер күні», Студенттер қатарына қабылдау», «Студенттік онкүндік», «Абай айтады...», «Абай даңғылы күні» танымдық акциясы, «Жұмадағы жылулық» қайырымдылық акциясы, «Таза қоғам» сыбайлас жемқорлыққа қарсы акция, «Бірінші Президент күні» қайырымдылық акциясы, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 25 жылдығына арналған іс-шаралар кешені, «Жаңа жылдық студенттік бал маскарад».

2016 жылдың маңызы зор оқиғалары: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 25 жылдығын, Алматы қаласының 1000 жылдығын, Желтоқсан оқиғаларының 30 жылдығын және Әлихан Бөкейхановтың туғанына 150 жылдығын атап өту бойынша іс-шаралар кешені болып табылады.

Жастардың бойында қазақстандық патриотизмді дамыту мен нығайту және белсенді азаматтық көзқарасты қалыптастыру мақсатында ҚР президенті Н.Ә.Назарбаевтың бағдарламалық құжаттарын насихаттау мен іске асыру мақсатында кешенді жұмыстар жүргізілді. Елбасының «Қазақстан жаңа жаһандық ахуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауын талқылау жалпыуниверситеттік деңгейде өткізіліп, аталмыш құжаттың басымдық бағыттарын түсіндіру жоспары бектіліп, үгіт-насихат тобы құрылды.

Республикалық деңгейде өткізілді: «Қазақстан жаңа жаһандық ахуалда: өсім, реформалар, даму» ғылыми-практикалық конференция, Қазақстан Республикасы Бірінші Президенті күніне арналған «Ел мерейі – Елбасы» апталығы.

Халықаралық деңгейде өткізілді: «Мәңгілік Ел ұлттық идеясы, Қазақстан Республикасы жоғары білім берудің жүйекұрастырушы факторы ретінде: мәселелері және оны жүзеге асыру жолдары» халықаралық ғылыми-практикалық конференция, «Қазақстан Республикасы педагогикалық білім беруді жүйелі жаңарту: проблемалары, шешу жолдары» халықаралық ғылыми-практикалық конференция, ҚР БҒМ бастамасымен ұйымдастырылған «Жүсіп Баласағұн: адамгершілік педагогикасының қайнар көзі және заманауилық, көрнекті түркі ойшылы Ж.Баласағұнның 1000-жылдық құрметіне орай халықаралық дөңгелек үстел.

Тәрбие үрдісінің басымды бағыттарының бірі **жастар арасындағы тіл саясатын** дамыту болып табылады. Аталмыш бағдар бойынша есептік жылы **49** іс-шаралар өткізілді.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының танымал болуына ерекше назар аударылады, оның тәрбиелік мәнімен қоса, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы кәсіби кадрларды дайындаудың дүниетанымдық негізін құрауы тиіс.

2011 жылдан бастап студенттер арасында ұлтаралық бейбітшілік пен келісім ахуалын қалыптастыру үшін университетте **«Бірлік»** атты студенттік ассамблея жұмыс істеп келеді, **2016/2017 оқу жылында ассамблея құрамында түрлі ұлттардың 37 білім алушылары бар.**

Студенттердің діни сауаттылығын көтеру, экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жұмыстар күшейтілген. **Ұлтаралық келісімділікті насихаттау, төзімділікке тәрбиелеу, діни сауаттылығын көтеру, экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында** дәріс оқитын топтар ғалым-теологтар, педагогтар, психологтар, әлеуметтанушылар қатарынан құрылып, жыл бойы Институттар мен студенттер жатақханаларында **13 іс-шаралар** өткізілді: Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқарма өкілдерінің қатысуымен «Діни сауаттылық және экстремизм мен терроризмнің алдын алу онкүндігі» (18 қараша – 13 желтоқсан 2016 жыл), « Діни сауатсыздық – діни экстремизмге апаратын жол» қалалық дөңгелек үстел (09.09.2016), Д.Қонаев атындағы Еуразия заң академиясымен бірлесіп «Діни экстремизм және терроризмге қарсы тұру: кедергілер және оны шешу жолдары» дөңгелек үстел (23.09.2016 ж.),

«Жастар және дәстүрлі емес діни ағымдар» семинар (13.10.2016ж.) және т.б.с.с. Барлық білім беру Институттарында оқу жылы бойы лаңкестікке және діни экстремизмге қарсы дәрістер циклі ұйымдастырылып жүргізілді.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың тәрбие жұмысы дәстүрлі тәрбиешінің орнына «Тәлімгерлік жүйе» бойынша іске асырылып келеді. Бұл жүйенің ерекшелігі барлық профессор-оқытушылар құрамы және қызметкерлерді студенттер тәрбиесіне, білім алушылардың **тәрбие жұмысына 100% қамтиды**. Білім беру ағымында әрбір оқытушы және қызметкер 5 студентке тәлімгер болады. **Тәлімгерлік жүйенің нәтижесінде соңғы бес жылда студенттер тарапынан бір де бір тәртіп бұзу фактісі тіркелген жоқ**. Тәлімгерлік жүйені жетілдіру мақсатында бірқатар нормативтік құжаттар дайындалды: Тәлімгерлік туралы Ереже, Тәлімгер журналы, Тәлімгерлерге арналған нұсқаулық, Тәлімгерлер Кеңесі туралы Ереже, «Үздік тәлімгер» конкурсы туралы Ереже.

2016/2017 оқу жылы ректордың 14.10.2016 ж. № 01-05-176 «Тәлімгерлерді тағайындау туралы» бұйрығына сәйкес 718 тәлімгер тағайындалды, олардың **666** ПОҚ құрамынан және **52** құрылымдық бөлімше қызметкерлері қатарынан болды.

2011 жылдан бастап тәлімгерлерге көмек ретінде кәсіби білігі жоғары педагогтарды тарта отырып мастер-класстар ұйымдастырылып келеді. Жыл сайын «Жылдың үздік тәлімгері» конкурсы өткізіледі. Байқау нәтижесі бойынша 2015/2016 оқу жылында өткізілген «Жылдың үздік тәлімгері» атағына **24** тәлімгер ие болып кеуде белгілерімен мараптталды, ал 2016/2017 оқу жылы **22** тәлімгер мараптталды.

Тәрбие жұмысындағы басым бағыттардың бірі – құқықтық сауаттылықты көтеру және жастар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу. Аталған басымдықты жүзеге асыру мақсатында жыл сайын «**Құқықтық сауаттылық**» онкүндігі ұйымдастырылып, тақырыптық акциялар, дәрістер, пікірсайыстар, дөңгелек үстелдер, сыбайластықты болдырмауға байланысты құқық қорғау қызметкерлерімен және басқа да университеттегі сыбайластыққа қарсы күрес мәселесімен айналысатын ведомство өкілдерімен кездесулер өткізіледі. («Азаматтық-құқықтық жауапкершілік және құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында Медеу ауданы ІПБ басшысының орынбасары А.Нұрқанатпен кездесу).

Қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында 2011 жылдан бастап ҚР БЖҒМ тапсырмасы бойынша университетте құрамында **Студенттік ұтқыр жасак** жұмыс істеуде, 2016/2017 оқу жылында оның құрамында **30** студент болды. Студенттердің ұтқыр жасағы туралы Ереже Медеу аудандық ішкі істер басқармасының келісімімен бекітілген. Құқық қорғау өкілдерінің қатысуымен үнемі кездесулер, дөңгелек үстелдер өткізіліп келеді.

Университетте студенттерде сыбайлас демқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және кез келген жемқорлыққа төзбеушілікке тәрбиелеу бойынша мақсатқа сай жұмыстар жүргізіліп отырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия құрылған, Ректор поштасы жұмыс істейді, жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізіліп

отырады.

2016 жылдың қыркүйек айында Ұлт Жоспары – « бес институтциондық реформаларды жүзеге асырудың 100 нақты қадамын» жүзеге асыру аясында жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру мәселелері жөніндегі Алматы қ. Әкімдігінің Қоғамдық кеңесінің Тәуелсіз жаттықтырушысы А.И.Братенкованың қатысуымен семинар-тренинг ұйыдастырылып өткізілді.

Студенттерге жағымды психологиялық ахуал орнату және психологиялық көмек көрсету үшін емтихандық сессия кезінде **әлеуметтік-психологиялық көмек** Штабы құрылған. Сессияның қорытындысы бойынша университетте жемқорлықты анықтау мақсатында **студенттер арасында сауалнама** алынып, **«Таза сессия»** жұмысы жүргізіледі.

Студенттер арасында кеңестік-үйлестіру қызметін көрсету үшін Психологиялық қызмет көрсету кабинеті жұмыс істейді, сенім телефоны бар 291-03-90.

Ақпараттық диалог құруға арналған базада жастарды мазалайтын ең негізгі өзекті мәселелерге арналған Қазақстандық сенім форумы (www.helpkomek.kz), [senim](http://senim.kz) телефоны 291-03-90) және **Инклюзивті білім және превентивті суицидолоиялық кеңестік қор орталығы** жұмыс істейді. «Мектеп педагогы» атты ақпараттық интернет-журнал (<http://schoolpsycholog.kz>) мектеп психологтарының, әлеуметтік педагогтардың және мектеп оқушыларының аутодеструктивті әрекеттерін алдын алатын мұғалімдердің жұмысын жетілдіру және үйлестіру мақсатын көздейді.

Жастарды еңбекпен қамту мақсатында 2016 жылғы маусым айынан тамыз айна дейін «Жасыл Ел» және «Студенттердің құрылыс отряды» 2 еңбек отряды жұмыс жүргізді. Жазғы еңбек семестрінің шеңберінде **СҚО 40 адам, «Жасыл Ел» ЕО 39 адам** еңбек етті. Жыл қорытындысы бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ Алматы қаласы бойынша **«Ең үздік еңбек отряды»** атағына ие болды.

Есептік жылы ішінде сауықтыру дене шынықтыру кафедрасымен **21** жооішілік спорттық іс-шаралар өткізілді. Университеттің спортшылары **51 қалалық, 7 облыстық, 25 республикалық, 7 халықаралық жарыстарға** қатысып, жақсы нәтижелер көрсетті, университеттің **26 студенті** халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейдегі спорттың әр түрлерінен жеңімпаздар болды.

5B010800- «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының 2 курс студенті Барак Мейрамбек «Студенттік Барысы-2016» қазақша күрестен республикалық турнирдің жеңімпазы атанып, 28-ші Бүкіләлемдік қысқы универсиада -2017» алау ұстаушы құқығына ие болды.

Университет тәрбие жұмысының танымдылығын қалыптастыру және тарату мақсатында жыл бойы барлық маңызды іс-шаралар «Қазақстан», «Хабар», «31 канал», «СТВ», «Алматы» телеарналарында көрсетілді. Республикалық және қалалық газеттерде **106** мақала, **26** ғылыми мақала

жарияланып, **52** бейнетүсірілім, тәрбие жұмыстары бойынша **200-ден** астам ақпараттар университеттің сайтына орналастырылған.

Мәдени-әлеуметтік саясат жастардың бастамасымен білім алушылардың интеллектуалдық, рухани-адамгершілік, және дене дамуына қолдау көрсету бағытын көздейді. Университетте қызығушылыққа орай, «Атамекен», «Самырұқ», «Көшбасшы студент», «Жаһангез» дебат клубы, «Айгерім» сән театры, білімберу бағыты бойынша («ПедХИМ», «Китаист», «Тірі сөз», «DIPLOMAT», «Тарихи зерде» және т.б.) қосымша клубтар, «Қырмызы қыздарай», «Дәстүр», «Қыз қылығы», «Жас қалам», «АруАрт», КВН Командас, «Апорт» т.б. шығармашылық клубтар жұмыс істейді. «Мейірім» клубы – жастардың волонтерлық қайырымдылық қозғалысын көрсететін жастарға арналған жобаның бірі.

Студенттер мен қызметкерлерді қолдау және әлеуметтік қорғау.

Студенттерге, оның ішінде ата-ананың қарауынсыз қалған және жетім балаларға әлеуметтік және материалдық қолдау көрсетуге ерекше назар аударылады. Атап айтқанда, **2016/2017 оқу жылы университет өз есебінен толық жетім (42 адам) тегін тамақтандыруды ұйымдастырды, ай сайын 10 000 мың теңге көлемінде материалдық көмек беріліп тұрады, бітіруші 8 жетім студенттерге 80 000 мың көлемінде бір реттік материалдық көмек берілді. 36 мүгедек-студенттерге тегін медициналық қызмет көрсетіледі.**

Ректордың бұйрығына сай әрбір студент пен магистрантты жатақханаға орналастыру үшін әр институтта арнайы комиссия құрылады. Айырықша құққа ие білім алушылар қатарына төмендегі категориялар жатады: мемлекеттік грант жеңімпаздары, жетімдер (жартылай жетім) мүгедектер, оралмандар, көп балалы отбасынан шыққандар, республиканың алыс аймақтарынан келгендер, оқу озаттары мен белсенділер. **2016/2017 оқу жылы жатақханадан тегін орын алғандар – 27 адам.**

Жағдайы төмен санаттағы студенттерге оқу ақысын **10% -дан 50%-ға дейін жеңілдету ұсынылды:**

2014/2015 оқу жылында – 455 адам

2015/2016 оқу жылында – 454 адам

2016/2017 оқу жылында – 522 адам.

10. Қаржы қызметі

2016 жылы университет кірісіне қаржы-шаруашылық қызметтен келіп түсетін қаржы **5 млрд. 306 млн. 950 мың теңгені** құрады, оның ішінде грант бойынша білім беру қызметіне –**3 млрд. 655 млн. 116 мың теңге**, ақылы негізде білім беру қызметі мен өзге де қызметтерден – **1 млрд. 651 млн. 834 мың теңге.**

2016 жылы университеттің іс жүзіндегі шығыны – 5 млрд. 226 млн. 879 мың теңге, оның ішінде ПОҚ және қызметкерлердің Еңбекақысын төлеу қоры 2 млрд. 459 млн. 697 мың теңге.

2016 жылы 50 млн. 199 мың теңге сомасында негізгі құралдар сатып алынды.

2016 жылы таза табыс 80 млн. 71 теңгені құрады, оның ішінде таза табыстың 9 млн. 361 мың теңге үлесі республикалық бюджетке аударылды.

2016 жылы қаржы құралдарын жұмсау ҚР БҒМ бекітілген нормативтерге, 2012-2016 жылдарға арналған Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Даму стратегиясын жүзеге асыру Жоспарына сәйкес қатаң түрде қадағаланып іске асырылды.

Университеттің қаржы-шаруашылық қызметін сипаттаушы, қаржылық есептілік «Аудит-Мечта» компаниясымен аудиттелген, оның қорытындысы бойынша университеттің қаржылық есептілігіне оң баға берілген.

11. Материалды-техникалық базасы

Абай атындағы ҚазҰПУ-де білім беру қызметтерін ұсыну мүмкіндігін қамтамасыз ете алатын материалдық-қаржы активтері жеткілікті түрде. Материалдық-техникалық қамтамасыз етуге оқу және оқу үдерісі үшін лайықты қосалқы алаңдар, қажетті инфрақұрылым, оқу үдерісін есептеу және оргтехникамен, оқу материалының жеткілікті санымен қамтамасыз ету кіреді. Жалпы алғанда материалдық-техникалық ресурстардың даму қарқыны қалыпты болып саналады.

Білім беру үдерісі **жалпы аумағы 54 057 шаршы метрді құрайтын 12 оқу корпусында** (24 компьютерлік сыныпта, 15 лингофон кабинетінде, 45 оқу және ғылыми зертханаларда, 44 шеберханаларда, 38 интерактивті дәрісханаларда және т.б.) өткізіледі. Барлық оқу дәрісханаларында студенттердің сабаққа қатысуы мен профессор-оқытушылар құрамының жұмысын жақсарту үшін бейнебақылау камералары орнатылған. Еңбек тәртібін, студенттердің сабаққа қатысуын және қауіпсіздік қызметінің жұмысын бақылау мақсатында әрбір оқу корпусында турникеттер қойылды.

Дене шынықтырумен шұғылдану, белсенді демалыс, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жалпы аумағы **17 000 шаршы шақырым «Спартак» спорт кешені (спорт залдары, футбол ойнайтын алаң, жүгіру жолағы, әскери даярлыққа арналған алаң) бар.**

Профилактикалық және шұғыл медициналық көмек көрсету үшін **Денсаулық сақтау пункті** жұмыс істейді. Студенттердің мезгілінде тамақтануын ұйымдастыру үшін барлық оқу корпустарында жалпы аумағы **986,62 шаршы шақырым болатын асхана мен буфет қызмет көрсетеді.**

Университет балансында шет жақтан келген студенттерге арналған **жалпы аумағы 17 159,6 шаршы шақырым тұрмысқа жайлы 5 жатақхана бар**, жатақханалар тұрғын және тұрмыстық бөлмелер, демалуға арналған бөлмелермен, оқу залдарымен, компьютер сыныптарымен, жуынатын бөлмелермен жабдықталған. Жатақханалардың барлығында Wi-Fi

интернетке қосылу қолжетімді. 2016/2017 оқу жылы **жатақханаға мұқтаж** студенттердің **57,2%** студенттік жатқханалармен қамтамасыз етілді.

Студенттердің тәжірибелік практиканың барлық түрлерінен өтуі, сондай-ақ демалысы **Қапшағай су қоймасындағы оқу-өндірістік кешенінде** ұйымдастырылады. Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының Жаңашар ауылында **жалпы аумағы 40,6 га агро-биостанциясының құрылысы жүргізілуде.**

Университеттің материалдық базаның одан ары қарай нығайту мен дамыту жоғары оқу орының білім беру қызметтерін ұсынудың халықаралық стандартына көшу қажеттілігіне және білім алу үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасау үшін қызмет көрсетуді дамытуға тікелей байланысты.

12. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Университеттің www.kaznpu.kz екінші деңгейдегі доменді атауымен интернет-кеңістікке тұрақты өкілдігі бар. Веб-порталдың нұсқасы фото-бейнеэффектілермен және ақпаратты кәсіби түрде бере алуымен жетілдірілуде. Университеттің электронды пошталық қызметінің mail.kaznpu.kz жұмысын жақсарту үнемі назарда ұсталынады.

Білім беру қызметінің ақпараттық қолдауын жақсарту үшін, соның ішінде онлайн интернет-конференциялар арқылы Абай атындағы ҚазҰПУ жыл сайын Интернетке-қолжетімділік арнасын көбейтіп отырады.

Аталмыш бағыттағы университеттің мақсаты білім беру сапасының деңгейін көтеру, оқытушылар мен қашықтан оқыту бойынша болашақ мұғалімдердің біліктілігін көтеру, сондай-ақ ақпараттық коммуникациялық технологиялар көмегімен әлемдік білім беру кеңістігіне бірігу болып табылады.

Электронды құжат айналымының жүйесі жұмыстарды автоматтандырып, негізгі құрылымдық бөлімшелерді ақпарат алмасудың бірыңғай құрылымына біріктіреді.

Білім беру үдерісін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету жұмысын кітапхана жүзеге асырады. Университет кітапханасының оқу залдары тек оқу корпусарында ғана емес, сондай-ақ студенттік жатақханаларда да бар.

Кітапхананың кітап қоры мемлекеттік, орыс және қазақ тілдерінде университет бағытына сәйкестендіріліп, білімнің әр салалары бойынша ұснылған.

Кітапхананың негізгі кітап қоры білімнің барлық салалары бойынша құжаттамалардың әр түрінің **1 057 975 бірлігін құрайды, оның ішінде мемлекеттік тілде 703 192 дана.**

Кітап қоры келесі бағыттар бойынша бөлінген:

- оқу әдебиеттері – 694 059, бұл жалпы қордың 65% құрайды, оның ішінде қазақ тілінде – 561018, орыс тілінде – 111589, шет тілінде – 16 720.
- ғылыми әдебиеттер – 104 029, бұл жалпы қордың 10% құрайды, соның ішінде қазақ тілінде – 60021, орыс тілінде – 44008;

– көркем әдебиет – 248015, бұл жалпы қордың 24% құрайды: қазақ тілінде – 76887, орыс тілінде – 171128;

– мерзімді басылымдар – 6955, немесе жалпы қордан 0,7 % . Оның ішінде қазақ тілінде – 4019 , орыс тілінде – 2866;

– сирек басылымдар – 4917, жалпы қордың 0,3 % құрайды. Оның ішінде мемлекеттік тілде - 1247, орыс тілінде – 2816, шет тілдерінде – 854.

Есептік кезең ішінде кітапхана қорын жаңарту жұмыстары жалғастырылуда. Есептік жыл бойы кітапхана қорын жаңарту жалғастырылуда. 2016 жылы **14 039** дана әдбиеттер, **578** аталымда сатып алынды, олардың ішінде мемлекеттік тілде – **4072**, орыс тілінде – **5186**, шет тілінде – **4781**. Мерзімді басылымдар – **820** дана.

Оқу үдерісін ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында университет кітапханасы жаңа WEB-технологияларды қолданады: Интернетті пайдалану, мәліметтердің электронды базасын, электронды каталогты құру.

Ғылыми кітапханада КАБИС кітапхана жүйесі орнатылған. Ғылыми кітапхананың бүкіл жұмыс үдерісі автоматтандырылған, бұл жаңадан келіп түскен әдебиеттерді тіркеу, жүйелеуден бастап, іздеу қызметі мен материалдардың толық мәтініне қолжеткізумен аяқталатын өңдеудің толық циклын қамтамасыз етеді.

Электронды кітапхана кітапхананың барлық пайдаланушыларына жергілікті желі бойына ұсынылады. Кітапхана оқырмандарының қызметіне мәліметтер базасының жекелеген толықмәтіні бар **электронды каталог (жазбалар саны – 86 505)** бар:

– PDF форматындағы оқулықтар мен оқу құралдары – 1572;

– мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік кешендері – 546;

– CD және DVD дискілердегі оқу басылымдары – 1675;

– оқу- әдістемелік журналы (нөмірлері) – 673;

– университет ПОҚ-ның мультимедиялық оқулықтары – 241;

– диссертациялар – 1781;

– журналдар мен газеттерден мақалалардың толықмәтінді базасы – 3580.

Кітапхана оқырмандары Internet ғаламдық ақпараттық желісі мен мемлекеттік және орыс тілдерінде «Параграф» ҚР заңнамалық актілерінің ақпараттық банкіні пайдалану мүмкіндігіне ие. **Кітапхана пайдаланушылары сыртқы электронды ресурстарға:** Республикалық Ұлттық электронды кітапхананың (РҰЭК) толықмәтінді мәліметтер базасы www.kazneb.kz, Республикалық жоғары оқу орындары арасындағы электронды кітапхана (РЖООЭК) www.rmeb.kz, Қазақстандық виртуалды ғылыми кітапхана www.kazakhstanVSL.org, ЭБС «Кітап қоры – білім беру электронды кітапханасы» www.knigafund.ru, Томсон Рейтер (ISI WebofKnowledge, WebofSciences, ThomsonReuters), Scopus компания Эльзевьер, Полпред.com.: www.polpred.com, ЭБС «Лань» баспасы, ЭБС «IPR-Books» компанияларының реферативті базасының мәліметтеріне кіре алады .

Жыл сайын компьютерлік техника, сондай-ақ лицензиясы бар бағдарламалық қамтамасыз ету жаңартылып отырылады. Кітапхананың барлық компьютерлерінде түрлі электронды форматтағы ақпараттарды оқу үшін бағдарламалар орнатылған (ReaderAcrobat, djuReader, Rar, Winzip), электронды ресурсы бар папкілер (оқулықтар, оқу құралдары, силлабустар мен ОӘҚ) және электронды каталогтағы ақпарат көздерін іздеуге мүмкіндік беретін «Оқырман» АРМ қондырылған. Толықмәтінді форматтардағы (PDF және Djvu), электронды ресурстардың жалпы саны, сатып алынғаны, санға аударылғаны мен Интернеттен жүктелегндері мен кітапхана серверінің қатты дискілеріне жазып алынғаны – **34 219**.

Пайдаланушы компьютерлер көмегімен қолжетімді электронды ресурстардың жалпы саны – 65 213. 2016 жылы 216 кітап пен 88 журнал санға ауыстырылды. Кітапхана қорына штрих-кодтауды енгізу бойынша жұмыстар жалғастырылуда (15 952 кітапқа).

Университет кітапханасының Internet желісінде ұсынылған өз веб-сайты бар. Отандық және шетелдік білім беру ақпараттарын жедел түрде алу және алмасу үшін кітапханалар электронды поштаны, Интернет, телефон/факсты пайдаланады. Қазақстанның жоғары оқу орындары кітапханаларының Ассоциациясы арқылы шетелдік басылымдар туралы ақпараттарды алып отырады, кітапхана қызметінің мәселелері бойынша әдістемелік іс-шараларға қатысады.

Жыл сайын кітапхана журанлдар мен газеттердің **392 аталымын жаздыртып алады, оның ішінде: қазақ тілінде – 203, орыс тілінде – 181, шет тілдерінде – 8.**

Кітапханада 2010 жылдан бастап университетте шығарылатын журналдардың электронды нұсқасы бар. Журналдар атауының жалпы саны – 18: педагогикалық бағытта – 9, жаратылыстану бағытында – 2, экономика және құқық – 1, әлеуметтану және саясаттану, тарих -3, филология -2, заңтану – 1. Оның ішінде: мемлекеттік тілде -17, орыс тілінде – 15, үштілді (қазақ, орыс ағылшын тілдерінде) – 15.

Журналдардың сканерленген электронды нұсқасының жалпы **саны – 546 дана.** Оның ішінде: мемлекеттік тілде – 133, орыс тілінде -179, үштілді (қазақ, орыс ағылшын тілдерінде) –216, екітілді (қазақ, орыс) –18.

13. Университеттің Даму стратегиясын жүзеге асыру

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясы мен оны жүзеге асыру жоспарында **4 басым бағыттар** анықталған:

1. Бәсекеге қабілетті мамандар даярлау;
2. Жоғары оқу орнын инновациялық қызметке бағытталған, зерттеу орталығы ретінде қалыптастыру;
3. Жастардың бойында белсенді азаматтық көзқарасты қалыптастыру;
4. Инфрақұрылым мен менеджментті дамыту.

Әрбір бағыт бойынша мақсатқа сай индикаторлар мен көрсеткіштер

бекітіліп, оларды шешу үшін міндеттер мен іс-шаралар анықталған.

ЖОО-ның әлемдік рейтингке қатысуы – Абай атындағы ҚазҰПУ 2015 жылы ТОП-1000 әлем университеттері арасындағы рейтингте өз орнын жақсартып келеді.

– **QS World University Rankings: 2016 жылы** – 501+; 2015 жылы – 601+; 2014 жылы – 651 орын.

– **Webometrics: 2016 жылы** – 8789-ші орын әлемнің 21 674 университеттері арасында (қазақстандық жоо арасында **14-ші орын**).

– 2015 жылы – 20 357 әлем университеттерінің арасында 6270 орын;

– 2014 жылы – 21674 әлем университеттерінің арасында 6777 орын.

2016 жылы Даму Стратегиясының негізгі тапсырмалары мен жоспарлы көрсеткіштерін орындау мониторингінің нәтижелері:

1. Жоғары сапалы мамандар даярлау жетістігі

Міндеттері:

1.1 Бәсекеге қабілетті мамандар даярлау

Соңғы нәтижесі: Бітірушілерді еңбекпен қамту – **90,4%**. 2016 жылы бітірушілер саны **1 816** маманды құрады: бакалавриат – **1 177** адам (оның ішінде педагогикалық мамандық бойынша – 817 адам); магистратура – **609** адам; докторантура Ph.D. – **30** адам. Университет бітірушілерінің жұмысқа тұрғандары **1 635** адам (**90,4%**).

– **Білім алушылар контингенті** – 7140 адам.

– **Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы**

• **сыртқы академиялық ұтқырлық** – **70** білім алушы шетел оқу орындарында семестрлік оқу оқыды, оның ішінде: ҚР БҒМ бойынша – **51** адам (2016 ж. Академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелде оқу үшін бюджеттік қаражат бөлу жоспарына сәйкес 32 адам орнына, ҚР БҒМ 14.04.2016 ж. № 275 хаты), Абай атындағы ҚазҰПУ серіктес ЖОО-мен келісімшарттары бойынша – **19** адам; эквивалентті студент алмасу шартында Абай атындағы ҚазҰПУ-да оқудан өткендер – **Іле педагогикалық университетінен 40 студент** (ҚХР).

• **ішкі академиялық ұтқырлық** – **Қазақстанның аймақтық университеттерінен 87 студент** Абай атындағы ҚазҰПУ-да оқудан өтті, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың **2 студенті** – ҚР аймақтық университеттерінде оқудан өтті.

– **ЖОО-дағы шетел студенттерінің үлесі** – Ресей, Қытай, Корея, Ауғаныстан, Түркия, Монғолия, Өзбекстан және басқа да мемлекеттерден 230 шетелдік студенттер мен магистранттар білім алды, бұл 3,5% құрайды. Одан басқа, эквивалентті студент алмасу шартында 2016/2017 оқу жылында Абай атындағы ҚазҰПУ-да Іле педагогикалық университетінен 40 студент (ҚХР) оқудан өтті. **Осылайша, шетел студенттерінің нақты саны жоспарланған 260 адамның орнына 270 адамды құрады.**

– **Оқудан шығарылған студенттер үлесінің төмендеуі** – **6,5%** оқудан шығарылды (434 адам)

1.2 ПОҚ сапасын жақсарту

Нәтижелер:

- *Дәрістер оқуға және ғылыми жобаларға қатысу үшін шетел оқытушылары мен ғалымдарын тарту үлесі* – 75 шетелдік оқытушылар мен ғалымдар (2016 ж. ҚР ЖОО-на шетелдік ғалымдарды тартуға бюджеттік қаражат бөлу жоспарына сәйкес, ҚР БҒМ 26.10.2016 ж. № 626 хаты – 35 адам).
- *Елдегі ПОҚ біліктілігін арттыру* – 168 адам Назарбаев Университетінде «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығы» АҚ және т.б. базасында өз біліктіліктерін арттырды.
- *Шетелде ПОҚ біліктілігін арттыру* – 28 адам.
- *ПОҚ дәреже алуы* – 65%, жоспарлы көрсеткішке сәйкес келеді, орташа жас – 52 жас, жоспарлы көрсеткішке сәйкес келеді.
- *Біліктілікті арттыруға шығын* – 169 млн. 567 мың теңге

1.3 Білім бағдарламалары мен олардың мазмұнын ары қарай әртараптандыру

Нәтижелері:

- *Дайындығы ағылшын тілінде жүргізілетін мамандықтар саны* – 13 мамандық, оның ішінде: бакалавриат – 7 мамандық, магистратура – 5 мамандық, докторантура – 1 мамандық. 2016 жылдың жоспарлы көрсеткіші – 12 мамандық.
- *e-learning ендіруге электронды оқыту құралдарының саны* – 45
- *Мектепке дейінгі білім беру бойынша ЖП енгізілген жаңартылған элективті пәндер* – 6 (Жалпы және мектепке дейінгі педагогика тарихы, Түрік әлеміндегі мектепке дейінгі білім беру жүйесі, Кәсіби көшбасшылық негіздері, Отбасы педагогикасы, Педагогика бойынша зерттеу жобаларын ұйымдастыру және жоспарлау, Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі).
- *ЖП енгізілген тәжірибе-бағдарлы пәндер* – 2766
- *Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу* – 33 аккредиттелген білім беру бағдарламасы, (білім беру бағдарламаларының жалпы санынан 27% және «Білім беру» бағыты бойынша ЖП санынан 46%). 2016 жылы университет ACQUIN (Алмания) халықаралық аккредиттеу агенттігінде және Білім беруде Сапаны Қамтамасыз ету Тәуелсіз Қазақстандық Агенттігінде педагогикалық мамандарды дайындау 21 БП мамандандырылған аккредиттеуін өтті.
- *Аккредиттелмеген білім беру бағдарламаларының төмендеуі* – 73%.

2. Ғылыми, білім беру және инновациялық қызметтің бірігуі арқылы зерттеу университетінің деңгейіне жету, бірыңғай ғылыми-білім беру кеңістігіне ену

Ақырғы нәтиже: ЖОО ғылыми зерттеу нәтижелерін білім беру үдерісіне ендіру – 45% (оқу пәндерін ғылыми және\немесе әдістемелік сүйемелдеу ретінде ғылыми зерттеу нәтижелерін білім беру үдерісіне ендіру туралы 148 акт, 33 монография, 71 оқу құралы, ЖОО арналған 2 оқулық, орта мектептерге арналған 29 оқулық, 2 электронды оқулық).

Міндеттер:

2.1 ПОҚ және білім алушылар ғылыми зерттеулерінің сапасын арттыру

- Бір оқытушыға орташа жарияланымдар саны – 5, жоспарға сәйкес келеді.
- **СФЗЖ қатысатын студенттер – 1546 адам.**
- **импакт-факторы бар журналдардағы жарияланымдар – 128 бірл.** (жоспар бойынша 1,7% орнына 3,04% құрайды).

Өнертабысы үшін алынған авторлық куәліктер, патенттер (қорғалатын құжаттар) – 44 зияткерлік жекеменшік қорғалатын құжат, оның ішінде: 2 патент, (патенттік өтінішке 2 қорытынды), 42 авторлық куәлік. Еуразия патентіне 3 өтініш берілген.

2.2 Ғылыми зерттеулерді, оның ішінде жетекші шетелдік және отандық ғылыми ұйымдар мен университеттермен бірлескен зерттеулерді дамыту

- **Іргелі және қолданбалы зерттеулерге қатысатын ПОҚ – 97 адам.**
- **Университетте орындалатын білім беру саласындағы ғылыми жобалар – 17**
- **ЖОО-да орындалатын инновациялық жобалар саны – 8**
- **Басқа ұйымдармен бірлесіп жасаталындарды қосқанда ғылыми құралымдар саны – 14**
- **Коммерциялық ұсыныстар дайындалған аяқталған әзірлемелер – 12%** («Жылу және электр энергиясын өндіруге арналған микро-гидравликалық және жел станцияларының кешенді технологияларын әзірлеу» жобасы, «Конвективті диффузия әдісімен берілген ерекшеліктермен компоненттерге көмірсу газ қоспасын бөлуге арналған қондырғы» жобасы).
- **Ғылыми лабораторияларда жүзеге асқан жобалар саны – 6.**
- **Ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша алынған жалпы бюджеттегі ЖОО кірісі – 2,5%**
- **Университет гранттары ретінде ФЗЖ бөлінген ақшалай қаражат – 0**

3. Жастарда белсенді өмірлік ұстаным қалыптастыру

Ақырғы нәтиже: Университет бітірушісінде жоғары мәдениетті әлеуметтік жауапты тұлға қалыптастыру.

Міндеттер:

3.1 Білім алушыларда үздіксіз өзін-өзі тану және өзін-өзі жетілдіру, зияткерлік және жалпы мәдени деңгейді арттыру қажеттілігін қалыптастыру

- **Ұлттық тәрбие жаңа жүйесімен студенттерді қамту – 100%**
- **ҚР ұлтаралық саясаты мен экстремизмді жеңу бойынша іс-шаралар саны – 13 шара** (дөңгелек үстелдер, дәрістер, семинарлар, фильмдерді көрсету) Діни сауаттылық және экстремизм мен лаңкестіктің алдын алу онкүндігі аясында (18 қараша – 13 желтоқсан 2016 жыл) Алматы қаласы діни істер басқармасы өкілінің қатысуымен.
- **Студенттер құрамын тәрбие беру сипатындағы түрлі шаралармен**

қамту – 85%

– Студенттер құрамын жаңа қазақстандық отансүйгіштік қалыптастыруға бағытталған шаралармен қамту – 85%

– Белсенді азаматтық ұстанымды дамытуға бағытталған халықаралық келісімдер саны – 0

– Халықаралық және республикалық шараларға қатысатын студенттер – 3 990

– Студенттерді өндірістік тәжірибе базаларымен қамтамасыз ету – 100%

– Спорттық секциялар мен сауықтыру шараларымен қамтылған білім алушылар – 65%

– ЖОО-да білім беру қызметтерінің сапасын бағалау бойынша әлеуметтік сауалнамалар саны – 3

– Республикалық және халықаралық жобаларда жүлделі орындарға ие болған студенттер – 190 адам, олардың ішінде 154 білім алушы республикалық олимпиадалар мен сайыстарда жүлделі орындарға ие болды, 10 – халықаралық, 26 – спорттық шаралар жеңімпаздары.

– Осал студенттер санатына әлеуметтік көмек, білім алуға жеңілдіктер – 18,2%

4. ЖОО тиімді басқаруды арттыру, оның дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету

Ақырғы нәтиже: Білім алушыларды кадрлық, ақпараттық және инфрақұрылымдық қамтамасыз ету

Міндеттер:

4.1 Оқу үдерісін ресурсты қамтамасыз ету

– 1 компьютерге білім алушылар саны – 3

– жетілдірілген ғылыми-оқу лабораториялары – 4

– Кітапхана қорын жыл сайынғы жаңарту – 13%

– Мақсатты дайындық аясында университет үшін дайындалған PhD докторлары – 100% (15 адам)

– Айрықша білім беру мұқтаждықтары бар студенттердің оқу мен өмір сүруге кедергісіз қолжетімділігі үшін университет инфрақұрылымын құру және жетілдіру (пандустар, жедел сатылар, әлеуметтік нысандар, кітапханалар) – 7

– Айрықша білім беру мұқтаждықтары бар студенттердің оқуы үшін қажетті жағдай жасау – иә.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2016 жылғы Даму стратегиясын орындау мақсатында жүргізілген талдау нәтижесі қойылған мақсаттар мен міндеттердің орындалғанын көрсетеді.